

Астана қаласы әкімдігінің  
«№58 «Өркен» балабақшасы» МКҚК  
2025 жылғы «23»  
№ 73 бұйрығына қосымша



**Астана қаласы әкімдігінің «№ 58 «Өркен» балабақшасы» МКҚК тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақшалай қаражатты бөлу тәртібі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 140- бабының 2-тармағына, 161-бабының 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қыркүйектегі №216 бұйрығына, «Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік білім беру ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақшалай қаражатты бөлу тәртібін бекіту туралы» Астана қаласының әкімдігі 2025 жылдың 17 қазандағы №107-3844 қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Тәртіп балабақшада тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түскен ақшалай қаражатты, оларды жұмсаудан қалған ақшаны және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақшаны жұмсауды регламенттейді.

3. Тәртіп Астана қаласы әкімдігінің «№58 «Өркен» балабақшасы» МКҚК ұйымына арналған.

**2-тарау. Ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі қызмет түрлері**

4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 06 желтоқсандағы №107-2630 қаулысы, Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 04 қыркүйектегі №107-3074 қаулысына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс мынадай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасуымен ақылы негізде:

№	Қызмет түрлері	Аптасына көрсетілген қызмет саны	Құны, теңге
1	Тұзды бөлме	1 курс (10 күн)	4000
2	Бассейн	8 академиялық сағат	4500
3	Көркемсөз (тіл)	8 академиялық сағат	3000
4	Вокал	8 академиялық сағат	4000
5	Домбыра	8 академиялық сағат	4000
6	Хореография	8 академиялық сағат	3000
7	Құм терапиясы	8 академиялық сағат	4000
8	Көркемөнер студиясы	8 академиялық сағат	4000
9	Шахмат-шашки	8 академиялық сағат	4000
10	Шығармашылық шеберханалар (асхана)	8 академиялықсағат	3000
11	Робототехника	8 академиялықсағат	4000
12	Бестемше (логикалық ойындар)	8 академиялық сағат	4000
13	Футбол	8 академиялық сағат	4500
14	Каратэ	8 академиялық сағат	4500
15	Хормен ән айту	8 академиялық сағат	3000
16	Сөйлеуді түзету	8 академиялық сағат	3500
17	Шет тілдерін оқыту курсы	8 академиялықсағат	3000
18	Кезекші топ	1 сағат	300

5. Балабақшада көрсетілетін ақылы қызмет түрлерінің тізбесін және ұсынылатын тауарларға (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) баға прейскурантын көрсете отырып, ақпаратты көрнекті жерде орналастырады.

6. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі қызметтің ақылы түрлері білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген перспективалық жұмыс жоспарлары ұсынылады.

7. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қымат түрлері тәрбиеленушілерге өтініштер негізінде кәмелетке толмаған тәрбиеленушілердің ата-анасының немесе заңды өкілдерінің жеке кесте бойынша еркін нысанда ұсынылады.

8. Тәрбиеленушіге оның ата-анасына және заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес шартпен реттеледі.

9. Ақылы қызметтер көрсетуден алынатын және табыс әкелетін ақшалай қаражат екінші деңгейдегі банктердің немесе қазыналық органдардың дербес шоттарына есептеледі.

### **3-тарау. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуден алынған ақшалай қаражатты жұмсау тәртібі**

10. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 102-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 140- бабының 2-тармағына, 161-бабының 2-тармағына, сондай-ақ Қағидалардың 3-тарауына сәйкес балабақша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан алынған, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс түскен ақшалай қаражатты жұмсайды, мына бағыттар бойынша:

- 1) балабақшаның оқу-материалдық базасын нығайтуға;
- 2) оқу жабдықтары мен мүкәммалды, оның ішінде оқу –тәжірибе участкісінде жұмыс істеу үшін сатып алу;
- 3) балабақшаның шеберханалық жабдықтарын жаңарту;
- 4) спорт аландарын орнату;
- 5) сауықтыру іс-шаралары;
- 6) Қосымша оқу бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) ақылы білім беру қызметтерін көрсететін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу;
- 8) қосымша ақыларды, үстемақыларды, сыйлықақыларды және ынталандырушы сипаттағы басқа да төлемдерді белгілеу;
- 9) жылу, электр энергиясы, сумен жабыдқтау және басқа да коммуналдық шығыстар үшін ақы төлеуге, ағымдағы және шаруашылық мақсаттар үшін заттар мен материалдарды сатып алуға, ғимаратқа қызмет көрсету жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге, көлік қызметтеріне ақы төлеуге және тауарларды сатып алуға арналған өзге де шығыстарға арнаған шығыстар;
- 10) балабақша ғимаратын және құрылғыларды қайта жаңарту және күрделі жөндеу;
- 11) музыкалық аспаптарды жөндеу;
- 12) іс-сапар шығындары.

### **4-тарау. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуден түсетін ақшалай қаражатты бөлу тәртібі**

1. Балабақша қызметкерлері мен Қамқоршылық кеңесі қатарынан құрылатын комиссия ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдын 10-күніне дейін ақылы қызметтер көрсетуден қолда бар қаражатты бөлу туралы шешім қабылдайды.

2. Балабақша есеп шотына келіп түскен ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражатты жұмсау олар келіп түскен/есепті кезеңде болған жағдайда жүргізіледі.

3. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуден алынған қаражат мынадай тәртіппен бөлінеді:

1) барлық міндетті салықтар мен аударымдарды ескере отырып, ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуге тікелей атысатын білім беру ұйымы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге-ақылы көрсетілетін қызметтер сомасының 50 (елу) пайызынан аспайды;

2) қосымша ақшалай төлемдер, балабақша қызметкерлерінің іс-сапар шығыстары-ақылы қызметтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайды;

3) балабақшаның үй-жайларын, жабдықтарын және басқа да негізгі құралдарын сату, оларға қызмет көрсету, жөндеу-ақылы қызметтер сомасының кемінде 30 (отыз) пайызы;

4) балабақша қызметкерлерін біліктілік арттыру курстарынан өткізу –ақылы қызметтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайды;

5) балабақша мұқтажы үшін өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы көрсетілетін қызметтер сомасының кемінде 10 (он) пайызын сатып алу.